

Дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2026 жылғы 9 шілдедегі № 119 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 14 шілдеде № 39296 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 65-29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын қалыптастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Цифрлық трансформация және мемлекеттік қызметтерді дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында қолданысқа енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастыруды;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне олардың орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушы*

С. Жарасбаев

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 9 шілдедегі
№ 119 Бұйрықпен
бекітілген

Дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын қалыптастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасын қалыптастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 65-29) тармақшасына сәйкес әзірленді және Дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын (бұдан әрі – Платформа) қалыптастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дене шынықтыру мен спорт саласындағы уәкілетті орган – дене шынықтыру мен спорт саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасы – дене шынықтыру және спорт саласындағы әкімшілік және өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға, сондай-ақ басқа да цифрландыру объектілерімен ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған цифрландыру объектісі;

3) дербес деректер – дербес деректердің бір немесе бірнеше сәйкестендіргішімен толықтырылған, дербес деректер субъектісі туралы мәліметтер немесе мәліметтер жиынтығы;

4) цифрлық жүйе – цифрлық деректерді құруды, жинауды, өңдеуді, сақтауды және таратуды қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылым объектілерін пайдаланатын, сондай-ақ цифрлық орта субъектілерінің өзара іс-қимылын автоматтандыратын және (немесе) цифрлық ортада қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін функционалдық байланысты цифрлық ресурстар кешені;

5) цифрлық объект – цифрлық технологиялар арқылы құрылған, пайдаланылатын немесе берілетін, бірегей цифрлық сипаттамаларға ие және цифрлық орта субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде иелену, пайдалану не билік ету құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық ортаның ерекшеленген элементі;

6) цифрлық объектілерді интеграциялау – деректерді берудің стандартты хаттамаларын пайдалана отырып, интеграциялық сервистер арқылы цифрлық объектілер арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

7) цифрлық объектілерді пайдаланушылар – Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 39-бабының 2-тармағына сәйкес цифрлық объектілерді заңды негіздерде пайдаланатын жеке немесе заңды тұлғалар;

8) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

3. Платформа дене шынықтыру және спорт саласындағы әкімшілік және өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға, сондай-ақ басқа да цифрландыру объектілерімен ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған.

4. Платформаны қалыптастыруды және жүргізуді дене шынықтыру мен спорт саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2-тарау. Платформаны қалыптастыру тәртібі

5. Платформаны қалыптастыру жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын, Заңның 10-бабы 1-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген дене шынықтыру және спорт субъектілерінің (бұдан әрі – Дене шынықтыру және спорт субъектілері) мәліметтерді енгізуі арқылы жүзеге асырылады

6. Платформада мәліметтерді енгізуді және өзектендіруді осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген дене шынықтыру және спорт субъектілері белгіленген көлемде, мерзімде және нысанда мынадай модульдерде жүзеге асырады:

1) "Спортшының, жаттықтырушының, судьяның және әдіскердің паспорты" – мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып, олар пайда болған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде енгізіледі;

2) "Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі" – мәліметтер Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 294 бұйрығымен бекітілген Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9674 болып тіркелген) сәйкес енгізіледі;

3) "Жарыс хаттамалары" – мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып, спорттық іс-шара өткізілген сәттен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі;

4) "Спорттық инфрақұрылымды басқару" – мәліметтер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістердің туындау фактісі бойынша тұрақты негізде, бірақ олар пайда болған сәттен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі;

5) "Статистика және талдау" – мәліметтер "Ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізу үшін статистикалық нысанды және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 297 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30119 болып тіркелген) сәйкес енгізіледі;

6) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" – мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушілер өзгерістердің туындау фактісі бойынша тұрақты негізде, бірақ олар пайда болған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19982 болып тіркелген) сәйкес енгізіледі.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген дене шынықтыру және спорт субъектілерінің басшылары деректердің уақтылы жаңартылуын бақылауды жүзеге асырады және Платформада толтырылатын деректердің дұрыстығын электрондық цифрлық қолтаңбамен растайды.

8. Платформада деректерді енгізу және өзектендіру кезінде архивтік деректердің сақталуы қамтамасыз етіледі.

Архивтік деректер бұрын Платформаға енгізілген және олар өзгергеннен немесе өзектендірілгеннен кейін сақталған мәліметтер болып табылады.

9. Уәкілетті орган Платформада пайдаланушылардың жұмысы үшін есептік жазбаларды құруды және белсендіруді жүзеге асырады.

10. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген дене шынықтыру және спорт субъектілері енгізетін Платформадағы деректерді енгізуді және өзектендіруді үйлестіреді.

11. Платформада дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Платформаны жүргізу тәртібі

12. Платформаны жүргізу шеңберінде Уәкілетті орган:

1) Платформада көрсеткіштерді қосуды және өзгертуді қамтамасыз етеді;

2) форматты-логикалық бақылау әдіснамасын құруды және өзектендіруді қамтамасыз етеді;

3) деректердегі статистикалық және логикалық ауытқуларды анықтауды қамтамасыз етеді;

4) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Платформамен жұмыс бойынша нұсқаулық материалдар мен оқыту бейнероликтерін дайындауды қамтамасыз етеді;

6) деректер нысандарын қалыптастыруды және модификациялауды қамтамасыз етеді;

7) пайдаланушыларға Платформамен жұмыс істеу бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

8) пайдаланушыларды Платформамен жұмыс істеу бойынша оқытуды ұйымдастырады;

9) Платформада мәтіндік және бейне форматтағы нұсқаулықтарды, жиі қойылатын сұрақтар мен оларға жауаптарды орналастырады;

10) Платформада алдағы техникалық немесе профилактикалық жұмыстар туралы ақпаратты кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын орналастырады.

13. Уәкілетті орган кері байланыс арқылы Платформада ақпаратты іздеу және орналастыру бойынша техникалық мәселелер бойынша өтініштер қабылдайды.

№	Өріс	Кіріс көзі
1.	Профиль суреті	Файл (JPG/PNG)
2.	Тегі	Қолмен толтырылады
3.	Аты	Қолмен толтырылады
4.	Әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Қолмен толтырылады
5.	ЖСН	Қолмен толтырылады
6.	Туған күні	Қолмен толтырылады
7.	Жыныс	"Жыныс" анықтамалығы
8.	Ұлты	"Ұлттар" анықтамалығы
9.	Азаматтық	"Елдер" анықтамалығы
10.	Облыс	"ҚР өңірлері" анықтамалығы
11.	Ұйымдар/Федерациялар	"Ұйымдар/Федерациялар" анықтамалығы
12.	Негізгі спорт түрі	"Спорт түрлері" анықтамалығы
13.	Қосымша спорт түрлері	"Спорт түрлері" анықтамалығы
14.	Мансаптың басталуы	Қолмен толтырылады
15.	Тексеру мәртебесі	Автоматты түрде
16.	Байланыс ақпараты	Қолмен толтырылады
17.	Білім туралы ақпарат	Қолмен толтырылады/файл
18.	Біліктілік санаты	Қолмен толтырылады/файл
19.	Спортшылар (ақпараттық)	Автоматты түрде
20.	Біліктілікті арттыру курстары	Қолмен толтырылады/файл

Модуль: "Судьяның паспорты"

№	Өріс	Кіріс көзі
1.	Профиль суреті	Файл (JPG/PNG)
2.	Тегі	Қолмен толтырылады
3.	Аты	Қолмен толтырылады
4.	Әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Қолмен толтырылады
5.	ЖСН	Қолмен толтырылады
6.	Туған күні	Қолмен толтырылады
7.	Жыныс	"Жыныс" анықтамалығы
8.	Ұлты	"Ұлттар" анықтамалығы

9.	Азаматтық	"Елдер" анықтамалығы
10.	Облыс	"ҚР өңірлері" анықтамалығы
11.	Ұйымдар/Федерациялар	"Ұйымдар/Федерациялар" анықтамалығы
12.	Негізгі спорт түрі	"Спорт түрлері" анықтамалығы
13.	Қосымша спорт түрлері	"Спорт түрлері" анықтамалығы
14.	Мансаптың басталуы	Қолмен толтырылады
15.	Тексеру мәртебесі	Автоматты түрде
16.	Байланыс ақпараты	Қолмен толтырылады
17.	Білім туралы ақпарат	Қолмен толтырылады/файл
18.	Біліктілік санаты	Қолмен толтырылады/файл
19.	Біліктілікті арттыру курстары	Қолмен толтырылады/файл

14. Платформаны басқа "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілермен интеграциялау Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы №123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Дене шынықтыру мен
спорттың цифрлық
платформасын
қалыптастыру және
жүргізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Модуль: "Спортшының паспорты"

№	Өріс	Кіріс көзі
1.	Профиль суреті	Файл (JPG/PNG)
2.	Тегі	Қолмен толтырылады
3.	Аты	Қолмен толтырылады
4.	Әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Қолмен толтырылады
5.	ЖСН	Қолмен толтырылады
6.	Туған күні	Қолмен толтырылады
7.	Жыныс	"Жыныс" анықтамалығы
8.	Ұлты	"Ұлттар" анықтамалығы
9.	Резидент/ҚР резиденті емес	Қосқыш
10.	Азаматтық	"Елдер" анықтамалығы
11.	Облыс	"ҚР өңірлері" анықтамалығы
12.	Ұйымдар/Федерациялар	"Ұйымдар/Федерациялар" анықтамалығы
13.	Негізгі спорт түрі	"Спорт түрлері" анықтамалығы
14.	Қосымша спорт түрлері	"Спорт түрлері" анықтамалығы

15.	Мансаптың басталуы	Қолмен толтырылады
16.	Тексеру мәртебесі	Автоматты түрде
17.	Байланыс ақпараты	Қолмен толтырылады
18.	Білім туралы ақпарат	Қолмен толтырылады/файл
19.	Атақтар/Разрядтар	Қолмен толтырылады/файл
20.	Антропометриялық деректер	Қолмен толтырылады
21.	Жарақат	Қолмен толтырылады
22.	Допинг	Қолмен толтырылады
23.	Жаттықтырушы	Қолмен толтырылады
24.	Дисквалификация туралы мәліметтер	Қолмен толтырылады/файл

Модуль: "Жаттықтырушының паспорты"

Модуль: "Әдіскердің паспорты"

№	Өріс	Кіріс көзі
1.	Профиль суреті	Файл (JPG/PNG)
2.	Тегі	Қолмен толтырылады
3.	Аты	Қолмен толтырылады
4.	Әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Қолмен толтырылады
5.	ЖСН	Қолмен толтырылады
6.	Туған күні	Қолмен толтырылады
7.	Жыныс	"Жыныс" анықтамалығы
8.	Ұлты	"Ұлттар" анықтамалығы
9.	Азаматтық	"Елдер" анықтамалығы
10.	Облыс	"ҚР өңірлері" анықтамалығы
11.	Ұйымдар/Федерациялар	"Ұйымдар/Федерациялар" анықтамалығы
12.	Негізгі спорт түрі	"Спорт түрлері" анықтамалығы
13.	Қосымша спорт түрлері	"Спорт түрлері" анықтамалығы
14.	Мансаптың басталуы	Қолмен толтырылады
15.	Тексеру мәртебесі	Автоматты түрде
16.	Байланыс ақпараты	Қолмен толтырылады
17.	Білім туралы ақпарат	Қолмен толтырылады/файл
18.	Біліктілік санаты	Қолмен толтырылады/файл
19.	Біліктілікті арттыру курстары	Қолмен толтырылады/файл

Дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Модуль: "Жарыс хаттамалары"

№	Өріс	Кіріс көзі
1.	Іс-шараның атауы	Қолмен толтырылады
2.	Өткізу орны	Қолмен толтырылады
3.	Өткізу күні	Қолмен толтырылады
4.	Спорт түрі	"Спорт түрлері" анықтамалығы
5.	Қатысушының ТАӘ (ол болған жағдайда)	Қолмен толтырылады
6.	Орын (жарыс хаттамасы)	Қолмен толтырылады/файл

Дене шынықтыру мен
спорттың цифрлық
платформасын
қалыптастыру және
жүргізу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Модуль: "Спорттық инфрақұрылымды басқару"

№	Өріс	Кіріс көзі
1.	Спорт ғимаратының атауы	Қолмен толтырылады
2.	Облыс	"ҚР Өңірлері" анықтамалығы
3.	Жалпы ауданы ш/м	Қолмен толтырылады
4.	Өткізу қабілеті, адам	Қолмен толтырылады